

БЕКІТІМІН

Мектеп директоры



К.Бәйтұтас

**Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасының
2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

Кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттары:

1. Кітапхананың мақсаты.
2. Кітапхананың міндеті мен ережесі.
3. Негізгі бақылау көрсеткіштері.
4. Балалардың ынтасы мен оқу ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары.
5. Оқырманды кітапханаға тарту жұмыстарын ұйымдастыру.
6. Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа, тәрбие жұмыстары.
7. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді, тілімізді насихаттауға бағытталған жұмыстар.
8. Оқулыққа байланысты жүргізлетін жұмыстар.

Кітапхананың мақсаты:

1. Кітапхана жұмысы мен оқырмандарға библиографиялық қызмет көрсетуді жетілдіру.
2. Оқырмандарға ақпараттық-анықтамалық қызмет түрін жетілдіру.
3. Оқырмандарға мына төмендегі қызмет түрлері бойынша сапасын жақсарту:
4. Қажет кітаптарын тез табуға кеңес беру:
5. Кітаптарды каталогтар бойынша библиографиялық картотекалар, ақпараттық материалдар мен тізімдер арқылы табу;
6. Оқырмандарға кітап оқу мәдениетін қалыптастыру;
7. Кітапхана қорын ұдайы толықтырып отыру;
8. Оқу залында ақпараттық-анықтамалық басылымдарға (энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар) мүмкіндік тудыруды ұйымдастыру;
9. Көпшілік іс-шаралар

Мектеп кітапханасының міндеттері мен ережесі.

Мектеп кітапханасы-мектептің құрамды бір бөлігі. Ол оқушылардың білім үйрену негіздеріне көмектеседі, бағыттайды, Оқу тәрбиесі жұмысы белсенді араласуына ықпал жасайды. Бағалардың кітапқа деген сүйсіненшілігін оятып, оқуға деген талғамын қанағаттандырып отырады. Кітап оқуға құштарлығы бар оқушылардың жана ұжымын құрайды.

Кітапханашы жан-жақты тәрбие жұмысын мектеп педогогикалық ұжымымен біріге отырып оқырмандардың қоғамдық белсенділігін, творчествалық дербестігін қалыптастырып отыруға міндетті. Кітапхана бағалардың қоғамдық істеріне көмектесіп отырады. Сондықтан кітапхана мектептің қоғамдық ұйымдарымен тікелей байланыста болу керек.

Ережесі:

1. Кітапханаға жана оқырмандар тіркеу, формуляр толтыру;
2. Қарыз оқырмандардың формулярларын қарап, тізімдерін жасау;
3. Оқырмандарға абонементте, оқу залында қызмет көрсету, сұраныстарын дер кезінде қанағаттандыру;
4. Оқу айналымынан қайтарылған кітаптарды кітап қорына құю;
5. Жана түскен кітаптарды кітапханалық өңдеуден өткізу
6. Оқырман күнделігіне уақытылы толтырып отыру;
7. Өткізілген іс-шараларды әлеуметтік желіге салу

Балалардың ынтасы мен оқу ерекшелігін зерттеу жұмыстары.

« Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге» - деп Ұлы Абай айтқандай, кітап балалар үшін рухани азық. Кітапқа деген құштарлық балаға алғаш мектеп есігін ашқаннан пайда болады. Әліппені қолға алып, бірінші әріппен танысқаннан бастап, кітап әлеміне, оқуға деген құштарлық оқушыны кітапханаға жетелейді. Кітапханада әр оқушының жеке кітап оқуы мен ынтасы, ерекшелігі зерттеліп, қабілетіне қарай әдебиет ұсыналады, библиографиялық шолу, дауыстап оқу, ауызша әңгіме айту тағы басқа да библиографиялық жұмыстар жүргізіледі. Оқырмандарды кітапхана қызметімен, тіршілігімен таныстырады. Кітап арқылы оқушылардың жан-жақты білім алып ғылыми, кәсіби және саяси санасын қалыптастырып, білім дәрежесінің дамуына әсер етіп, оқушыларға кітап таңдап алуға және онымен жұмыс жасай білуге көмектеседі. Сондай-ақ оған түсініксіз мәселелерді, нақты дәлел табуына жетекшілік етеді. Олардың бойында жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Адамзат қауымына жиналған білім қазынасын таныстыру. Шығармалық ізденісті, белсенділікті, зерттеушілік қасиетті қалыптастыру. Сонымен қатар оқырмандардың талап тілектерін қанағаттандырып, оқу мәдениетін тәрбиелеу. Қажет болған жағдайда тиісті шешім қабылдай білуге үйрету.

Балаларды әдептілікке, отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары.

Тәрбиенің міндетін, оқырманның ерекшелігін, кітапхана қорын ғана біліп қою, кітапханашыға аздық етеді. Мысалы: Ересек балаларды биік адамгершілік қасиеттерге баулуға тамаша еңбек ерлері туралы адамның сұлулығын, халық бақыты жолындағы күрескерлер туралы кітап көрмелерін ұйымдастыру. Көрмедегі кітаптарға шолу жасау арқылы адамгершілікке, тәрбиелілікке баулуға болады.

р/с	Жұмыстың мазмұны	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Қош келдің жас оқырман!»	Таңғажайып кітапханаға саяхат бастауыш сыныптар	Қыркүйек	Кітапханашылар
2	«Тіл мерейі -ел мерейі»	Кітап көрмесі	Қыркүйек	Кітапханашылар
3	«Ызғарлы Желтоқсан»	Желтоқсан оқиғасының қаһармандары Әдеби лото	Желтоқсан	Кітапханашылар
4	14 ақпан халықаралық кітап күніне орай, кітапханаға кітап сыйлау.	Буккросинг көрмесі	Ақпан	Кітапханашылар
5	2- наурыз дүниежүзілік дауыстап оқу күні	Оқырмандарды кітап оқуға шақыру	Наурыз	Кітапханашылар
6	«Үздік оқырман»	Сайыс бастауыш сыныптар арасында.	Сәуір	Кітапханашылар
7	«Ұлы жеңіс жасасын!»	Танымдық сағаты	Мамыр	Кітапханашылар
8	«Білім көзі кітап»	Рейд өткізу	Әр айдың соңында	Кітапханашылар

«Әдет- ғұрып, салт-дәстүрді , тілімізді насихаттауға бағытталған жұмыстар»

р/с	Жұмыстың мазмұны	Түрі	мерзімі	Жауапты
1	Ұлттық құндылықты жаңғырту-салт-дәстүрі	Кигіз үй құру жолдары	Ақпан	Кітапханашылар
2	Қызға қырық үйден тыйым	Сұхбаттасу	Ақпан	Кітапханашылар
3	Фариза Оңғарсынова 86 жыл	«Поэзия падишасы Фариза» Әдеби лото	Наурыз	Кітапханашылар
4	«Наурыз – жыл басы»	Танымдық сағат	Наурыз	Кітапханашылар
5	Ер қаруы- бес қару	Ұлы дала музейіне саяхаттау	Сәуір	Кітапханашылар
6	Дауыстап оқу	Үлгерімі төмен оқушылармен	Сәуір	Кітапханашылар

Оқулыққа байланысты жүргізілетін жұмыстардың түрлері

1. Оқу жылының басында сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерімен біріге отырып сыныптарды оқулықпен қамтамасыз ету.
2. Оқулықтардың таза ұсталуын сынып жетекшілерімен оқушылардан үнемі талап етіп отыру.
3. Оқулықтардың тазалығын айына 1 рет оқушылардан ұйымдасқан активтермен біріге отырып тексеріп отыру.
4. Жыл бойы оқулықтарын таза ұстаған оқушылардың оқулықтарын «Сіздерге рахмет» атты көрмеге қою.
5. Оқулықтарды таза ұстауға сынып аралығында жарыстар өткізу.
6. Жыртылған оқулықтарды «Кітапхана емханасынан» өтікізу, түптеу.
7. Кітабыңды күтіп ұста деген тақырыпта еркін әңгімелесу.
8. Кітап-білім бұлағы атты ертеңгілігін бастауыш сынып мұғалімдерімен бірігіп өткізу.
9. Аудандық білім бөлімінен бөлінген оқулықтарды дер кезінде алып, кітапхана есеп кітабына тіркеп, белгісөғып отыру.
10. Кітапхана қорынан көнерген, жыртылған оқулықтардан, оқу бағдарламасына сай емес ескірген, оқуға жарамсыз әдебиеттерді тазартып отыру.

Оқырмандарды кітапханаға тарту жұмыстарын ұйымдастыру.

Кітап балалар үшін рухани азық қана емес, жан-жақты тәрбиенің қайнар көзі. Ол ұрпақты айналадағы өмірмен таныстырады, адамгершілік қарым-қатынасты, жақсылық пен жамандықты, шындық пен әділдік жөнінде түсініктерін қалыптастырады. Кітапқа деген сүйіспеншілік одан алған білімін өмірде қолдана білу балаға өзінен-өзі келе қоймайды. Бұл жерде кітапханашының, мұғалімнің, ата-ананың көмегі керек. Жан азығы кітапты жасұланды «Балалық» деп талатын балғын шақтан тәрбиелеген абзал. Кейбір кітап оқымайтын сынып оқушыларының ата-аналарымен педогогикалық кеңесте сынып жетекшілеріне айту, ұйымдасқан түрде талқылау, экскурсияға шығу және тағы басқа әдістерді қолдана білу арқылы мектепте бірден – бір оқымайтын оқушы болдырмау үшін жүйелі түрде жұмыс жүргізу керек. Оқушыларды кітапханаға тарту мақсатында олармен жүргізілетін көпшілік жұмыстардың мынадай түрлерін жүргізуге болады.

1. Кітап көрмесі.
2. Әңгіме.
3. Дауыстап оқу.
4. Оқырмандар конференциясы.
5. Библиографиялық шолулар

«Даналыққа кітаппен барар жол» кітап оқуды дамыту жобасы

Жобаның ұраны: Бәріміз оқимыз! Әрқашан оқимыз! Кез келген жерде оқимыз!

Максаты: Оқушыларды кітап оқуға тарту, кітапты көп оқитын орта қалыптастыру, оқырмандардың назарын кітапқа аударту, кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, ар - ожданлы мол еңбеккер ұрпақты тәрбиелеу, кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу, оқырмандарды жана кітаптармен және жаңа авторлармен таныстыру. Кітапхананы балалар үшін мейірімді, рухани, ақпараттық, танымдық орталық ету.

Міндеттері:

- Кітап оқу дәстүрін жандандыру, кітап оқу - жеке тұлға дамуының күшті факторы екенін түсіндіру;
- Кітап оқу мәселесін ата-аналармен және қоғаммен бірлесе қолға алу.
- Кітап оқу арқылы балалардың еркін ойлауына, көркем әдеби тілде сөйлеуіне, ой-өрісін дамытуға ықпал ету;
- Балалардың кітапқа және оқуға көзқарасын өзгерту, кітап оқу - бос уақытты ұйымдастырудың тиімді, пайдалы формасы екендігін ұғындыру;
- Балалар кітапханасына келушілер санын көбейту;
- Балалардың оқу қабілетінің дамуына бағытталған балалар кітапханасы негізінде өткізілетін шаралардың санын көтеру

Жобаның басты миссиясы: Оқушыларды кітаптарды көбірек оқуға, ең жақсы кітаптарды дұрыс таңдай білуге үйрету, бір - бірімен пікір талас туғызу.

Жобаны іске асыру әдістері:

- Конкурстар мен акциялар өткізу;
- Әдеби кештер, кездесу кештер өткізу;
- Кітап көрмелерін ұйымдастыру;
- Ақпараттық – насихат бұрышын жасау;
- Reading time.
- Байқау

Кітапхана жоба аясында өткізілген барлық іс – шаралар бойынша видеоматериалдар, фото құжаттар, суреттер дайындап дер кезінде кітапхана сайтына, фейсбукке жіберіп отыруды жоспарлап отыр.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2024-2025 оқу жылы

Өткізілетін орындар: Мектеп кітапханасы

Күтілетін нәтижелер: Кітапхана кез келген жастағы бала үшін ашық, мейірімді, тартымды, ерекше жер болып табылады. -Кітапханалар – балалардың бір-бірімен кездесетін, қызықты тұлғалармен танысатын ақпарат және мәдениет орталығы ретінде қалыптасып, төмендегідей нәтижелер күтіледі:

- Кітапхана ісін қалың оқырман арасында жарнамалау, оқырмандар санын көбейту;
- Балалардың кітап оқуға деген ынталарын жақсарту;
- Заманауи отандық, ресейлік, шетелдік кітаптарды оқыту арқылы оқырмандардың әдеби талғамдарын көтеру;
- Қоғамдық бастамаларды дамыту, балаларды волонтерлер ретінде бастамаға қатыстыру;
- Жанұяларды қатыстыру;
- Оқырмандармен тығыз байланыс орнату;
- Кітапханаға жаңа оқырмандар тарту.

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры



Қ.Байтишев

**Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасының
2024-2025 оқу жылына арналған айлық жоспары**

2024 жылдың қыркүйек айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	1 қыркүйек- білім күні	Кітап көрмесі	Қыркүйек	Кітапханашылар
2	2024-2025 оқу жылына арналған оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтылуына диагностика	Кәсіби жұмыс	1-10 қыркүйек	Кітапханашылар
3	Түскен оқулықтардың қабылдау және өңдеу: жүкқұжаттарын рәсімдеу, оларды бухгалтерияға өткізуге, жиынтық есепке алу кітабына (бұдан әрі –ЖЕК) жазу,мөртаңба қою. Түсу деңгейіне қарай, Картотеканы рәсімдеу.	Кәсіби жұмыс	1-15 қыркүйек	Кітапханашылар
4	«Тіл мерейі -ел мерейі» А.Байтұрсыновтың туған күніне орай	Кітап көрмесі	5 қыркүйек	Кітапханашылар
5	Отбасы күні	Отбасымен кітап оқу	11 қыркүйек	Кітапханашылар
6	Қош келдің жас оқырман!	Кітапханаға саяхат бастауыш сыныптар	20 қыркүйек	Кітапханашылар
7	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	Айына 2 рет	Кітапханашылар
8	Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат»	Read X	27 қыркүйек	Кітапханашылар

2024 жылдың қазан айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	Сәкен Сейфуллин 130 жыл	Reading time	4 қазан	Кітапханашылар
2	Кім тапқыр?	Интеллектуалды ойын	10 қазан	Кітапханашылар
3	Ә.Нұрпейісов «Хан мен тер», Соңғы парыз»	Әлем кафесі	16 қазан	Кітапханашылар
4	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	Айына 2 рет	Кітапханашылар

2024 жылдың қараша айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	Әлем классикасы	123 әдісі	7 қараша	Кітапханашылар
2	Сыныппен бірге оқимыз	Reading time	13 қараша	Кітапханашылар
3	Б.Майлин туылғанына 130 жыл	Read X	21 қараша	Кітапханашылар
4	Міржақып Дулатов 1885-1935 140жыл	Кітап көрмесі	27 қараша	Кітапханашылар

2024 жылдың желтоқсан айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	Фариза Оңғарсынова 130 жыл	Поэзия минуты	3 желтоқсан	Кітапханашылар
2	Менің сүйікті ертегім	Бастауыш сынып	11 желтоқсан	Кітапханашылар
3	Отбасы хрестоматиясы	Book Dating	18 желтоқсан	Кітапханашылар
4	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	Айына 2 рет	Кітапханашылар

2025 жылдың қаңтар айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	Гарри Поттер топтамасы	Әдеби квест	14 қаңтар	Кітапханашылар
2	Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады?	Оқырмандар конференциясы	22 қаңтар	Кітапханашылар
3	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	Айына 2 рет	Кітапханашылар
4	Ертегіні тап	Интеллектуалды ойын	30 қаңтар	Кітапханашылар

2025 жылдың ақпан айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	М.Әуезов «Қорғансыздың күні»	Read X	5 ақпан	Кітапханашылар
2	14- ақпан кітап силау күні	Акция	14 ақпан	Кітапханашылар
3	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	Айына 2 рет	Кітапханашылар
4	Біз ертегілер еліндеміз	Көрініс	26 ақпан	Кітапханашылар

2025 жылдың наурыз айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	Ғ.Мүсрепов Ана туралы шығармалары	Read X	4 наурыз	Кітапханашылар
2	Н.Тлендиев 100жыл	Әдеби кеш	12 наурыз	Кітапханашылар
3	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	Айына 2 рет	Кітапханашылар
4	Ертегі әлемі	Әдеби лото	26 наурыз	Кітапханашылар


2025 жылдың сәуір айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	Абайдың қара сөздері	321 әдісі	4 сәуір	Кітапханашылар
2	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	Айына 2 рет	Кітапханашылар
3	23-Дүниежүзілік кітап күні	Шын жүрекпен кітап сыйла челленедж	23 сәуір	Кітапханашылар
4	Менің сүйікті ертегі кітабым	Сурет салу байқауы	30 сәуір	Кітапханашылар

2025 жылдың мамыр айына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шараның аты	Өткізілетін әдіс	Өткізілетін уақыт	Жауаптылар
1	Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек»	Read X	6 мамыр	Кітапханашылар
2	Әжемнің ертегісі	Тікелей эфир	14 мамыр	Кітапханашылар
3	Менің ертегім	Қиял әлемі ертегі құрастыру	19 мамыр	Кітапханашылар

Бекітемін
Мектеп директоры



Қ.Байтишев

«Оқуға құштар мектеп» жоба жоспары

№	Өткізілетін іс-шараның тақырыбы	Әдістер	Өткізілетін орны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Тілдер мерекесі	Дебат	Мектеп кітапханасы	Қыркүйек	Қазақ тілі бірлестігі.
2.	Сәкен Сейфуллин туғанына 130 ж.	Reading time	Мектеп кітапханасы	Қазан	Өзбек тілі бірлестігі
3.	Бейімбет Майлин туғанына 130 жыл	Read X	Мектеп кітапханасы	Қараша	Ағылшын тілі бірлестігі.
4.	Фариза Оңғарсынова туғанына 85 жыл	Поэзия минуты	Мектеп кітапханасы	Желтоқсан	Орыс тілі бірлестігі
5.	Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады?	Оқырмандар конференциясы	Мектеп кітапханасы	Қаңтар	Физика- информатика бірлестігі

6.	14-ақпан «Кітап сыйлау күні»	Акция	Мектеп кітапханасы	Ақпан	Мектеп ұжымы
7.	Н.Тілендиева туғанына 100 жыл	Әдеби кеш	Мектеп кітапханасы	Наурыз	Ізгілікті пән бірлестігі
8.	23 сәуір- Дүниежүзілік кітап күні	Акция	Мектеп кітапханасы	Сәуір	Мектеп ұжымы
9.	15 мамыр- Халықаралық отбасы күні	Челлендж	Мектеп кітапханасы	Мамыр	Кітапханашылар

Дайындаған: Ахметова Ж. *Ахметова*
 Әбубәкірқызы Қ *Әбубәкірқызы*

Бекітемін
Мектеп директоры



Қ.Байтишев

«Даналыққа кітаппен барар жол» кітап оқуды дамыту жобасы

№	Өткізілетін іс-шараның тақырыбы	Әдістер	Мерзімі	Жауаптылар
	Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат»	Read X	Қыркүйек	Кітапханашылар
	Ә.Нұрпейісов «Хан мен тер», Соңғы парыз	Әлем кафесі	Қазан	Кітапханашылар
	Әлем классикасы	321 әдісі	Қараша	Кітапханашылар
	Отбасы хрестоматиясы кітаптары	Book Dating	Желтоқсан	Кітапханашылар
	Гарри Потер топтамасы	Әдеби квест	Қаңтар	Кітапханашылар
	М.Әуезов «Қорғансыздың күні»	Read X	Ақпан	Кітапханашылар

7	Ғ. Мүсіреповтың ана туралы шығармалары	Read X	Наурыз	Кітапханашылар
8	Абайдың қара сөздері	321 әдісі	Сәуір	Кітапханашылар
9	Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек»	Read X	Мамыр	Кітапханашылар

Дайындаған :Ахметова Ж *Ахметова*
Әбубәкірқызы К *Әбубәкірқызы*

**«Ертегімен есейем» жобасы
бастауыш сыныптар арасында**

№	Өткізілетін іс-шара тақырыбы	Әдістер	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Ертегілер еліне саяхат	Read X	Қыркүйек	Кітапханашылар
2.	Кім тапқыр?	Ойын	Қазан	Кітапханашылар
3.	Сыныппен бірге оқимыз	Reading time	Қараша	Кітапханашылар
4.	Менің сүйікті ертегім	Read X	Желтоқсан	Кітапханашылар
5.	Ертегіні тап	Ойын	Қаңтар	Кітапханашылар
6.	Біз ертегілер еліндеміз	Көрініс	Ақпан	Кітапханашылар
7.	Ертегі әлемі	Әдеби лото	Наурыз	Кітапханашылар
8.	Менің сүйікті ертегі кейіпкерім	Байқау сурет салу	Сәуір	Кітапханашылар
9.	Менің ертегім.....	Ертегі құрастыру	Мамыр	Кітапханашылар

Дайындаған: Ахметова Ж *Ахметова*
Әбубәкірқызы Қ *Әбу*